

LDC ауыл шаруашылығын қаржыландыру және стандарттарын ілгерілету

Орналасқан жері:
Өңірлік

Жоба нөмірі:
54291

Салалық сектор:
Агроөнеркәсіп

Хабарландыру түрі:
Жеке

Экологиялық санат:
B

Бекітілген күні:
2023 жылғы 14 маусым

Күйі:
Қарастырылған тұжырымдама

Ағылшын тіліндегі жоба түйіндемесінің жарияланған күні:
2023 жылғы 11 мамыр

Жобаның сипаттамасы

Ауыл шаруашылығы тауарларын Болгария, Мысыр, Қазақстан, Польша, Румыния, Тәжікстан, Түркия және Украина елдерінен және/немесе елдеріне өткізу, сондай-ақ сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және тасымалдау мақсатында аталған елдерде жұмыс істейтін Louis Dreyfus Company B.V. (бұдан әрі – "LDC", "Компания") еншілес компанияларының айналым капиталындағы қажеттіліктердің бір бөлігін қаржыландыруға арналған 100 млн. АҚШ долл. көлеміндегі жаңартылатын несие.

Жобаның мақсаттары

Ауылшаруашылық тауарларын сатумен байланысты айналым қаражатын қажетсіну маусымдық сипатқа ие және жыл бойына өзгеретін бағаларға байланысты болып келеді. Жоба жоғарыда аталған, ауыл шаруашылығы қызметін жергілікті қаржыландыру шектелген жоба елдерінен және/немесе

елдеріне (ішінде) ауыл шаруашылығы өнімдерін сату үшін тұрақты айналым қаражатын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Өтпелі кезеңге әсері

ETI көрсеткіші: 68

Жобаның ауысу процесіне әсері, оның жобаны іске асыру елдеріндегі ауыл шаруашылығы тауарларын жеткізудің негізгі тізбектеріндегі "бәсекеге қабілетті" және "тұрақты" қасиеттерді дамытуға қосқан үлесіне негізделген.

Осы жоба аясында, LDC компаниясы Түркияда сатып алатын, мақта сапасын жақсарту бастамасы (BCI) шеңберінде сертификатталған мақтаның көлемі мен үлесін және BCI тарапынан сертификатталған мақтаны сататын түркиялық мақта тазалаушы кәсіпорындардың және (жанама түрде) фермерлердің тиісті санын ұдайы ұлғайтуға, сондай-ақ келесі үш жыл ішінде BCI стандарттарын қабылдау мақсатымен түркиялық мақта фермерлерінің хабардарлығын арттыруға және оларды оқытуға бағытталатын әлеуетті қолдау бағдарламасының шығындарының жартысын өтеуге міндеттенеді. Мұндай шаралар, бұл процесті неғұрлым тұрақты ету және ресурстарды тұтыну тұрғысынан тиімді ету үшін түркиялық мақтаны өндіру мен жеткізуге айтарлықтай қолдау көрсетеді. Осы жоба аясында, түркиялық мақтаны сатып алуды қаржыландыру, жер сілкінісінен зардап шеккен ел өңірлерінде өз қызметін жүзеге асыратын көптеген мақта тазартқыш фермерлердің экономикалық жағдайы мен өтімділігін қолдайды.

Бұл арада, осы жобаның мән мәтінінде, сонымен қатар өткізу қабілеттілігі мен жөнелту операцияларының қауіпсіз шарттары мүмкіндік берген жағдайда, LDC Украинадан дәнді және майлы дақылдарды сатып алуды және экспорттауды ұлғайтуға ниетті, осыған қоса сатып алулардың үлесін тікелей шағын және орта фермерлерден көбейтуге тырысады. Бұл болса, украиналық астық өндіруші фермерлерге Украинада жалғасып жатқан соғыс жағдайында шектеулі қаржыландыру тұрғысынан астықты сату және өтімділікке қол жеткізу арқылы маңызды қолдау көрсетеді. LDC қатысатын Украинадан Жерорта теңізі, (Солтүстік) Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия өңірлеріне астық саудасы жүзеге асырылатын маңызды сауда ағындарын ескере отырып, жоғарыда аталған өңірлерде астық тапшылығы бар елдерде (Мысыр сияқты, бірақ ол ғана емес) азық-түлікке қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етеді деп күтілуде.

Клиент туралы ақпарат

LOUIS DREYFUS COMPANY SUISSE SA

1851 жылы құрылған және өз қызметін 100-ден аса елде жүзеге асыратын LDC компаниясы (www ldc com) тағам және ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуші және қайта өңдеуші, сондай-ақ жыл сайын 80 млн. тоннадан астам өнім өндіретін, өңдейтін, тасымалдайтын және өткізетін әлемдегі жетекші компания болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы қысқаша мазмұны

100 000 000,00 АҚШ долл.

Жоғарыда аталған елдерден және/немесе елдерге ауылшаруашылық тауарларын сатуға байланысты LDC еншілес компанияларының айналым капиталындағы қажеттіліктерін ішінара қаржыландыруға арналған, 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге берілетін 100 млн. АҚШ долларына дейінгі жаңартылатын несиесі.

Жобаның жалпы құны

300 000 000, 00 АҚШ долл.

Қаржыландырудағы нақты қажеттіліктер шикізат бағасы мен көлемдерге байланысты өзгереді, бірақ шамамен 300 млн. АҚШ долл. болып бағаланады.

Қосымша бөлімдер

Жобаның қосымша бөлімдері оның қаржыландыру құрылымына, тәуекелдердің төмендеуіне және стандарттарды белгілеу ерекшеліктеріне байланысты. Банк, ауыл шаруашылығы қызметін қаржыландыруда жергілікті шектеулерге ұшырайтын, жоғарыда аталған жобаны іске асырудың сегіз елі шегіндегі Банк операциялары өңірінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін қомақты қаржыландыру сомасын ұсынады. Банктің несиесі, көбінесе өтеу мерзімі қысқа болатын және жергілікті банктер ауылшаруашылық қызметі үшін беретін айналым қаражатын толтыруға арналған несиелермен салыстырғанда ұзақ мерзімге беріледі, бірақ бұл арада LDC компаниясы Банктің несиесін Түрік лирасы мен Мысыр фунтында да пайдалана алады. Бұдан басқа, Банк несиесі жобаның белгілі бір елдерінен тиісті ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттауға тыйым салынған жағдайда өтеуді (уақытша) кейінге қалдыру туралы ережелерді қамтиды. Ақыры, BCI тарапынан сертификатталған мақтаны Түркияда көбірек тұтыну мен өндіруді қолдау үшін осы жоба шеңберінде LDC келіскен шарттар Түркия мақта секторындағы экологиялық және әлеуметтік стандарттардың қолжетімді стандарттармен салыстырғанда жоғарылауына әкеледі деп күтілуде.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша ақпар

В санаты және төмен-орташа тәуекел.

LDC компаниясы Банкке алдыңғы мәмілелер бойынша жақсы таныс, сол себепті Компанияның тікелей жүзеге асырылатын қызметке, сондай-ақ жеткізу тізбегіне қатысты экологиялық және әлеуметтік (ЭЖӘ) мәселелерін басқару жүйесі Банк үшін қанағаттанарлық болып шықты. LDC компаниясы Банктің жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарға жауап беретін негізгі элементтері бар еңбекті

қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы кешенді жаһандық басқару жүйесін енгізді.

Осы жобаның мән мәтінінде, дәнді және майлы дақылдарды сатып алу, импорттау және экспорттау елеулі экологиялық немесе әлеуметтік салдарлармен байланысты емес, ал қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі тәуекелдер мақта жеткізу тізбегімен байланысты болады, бұл ретте еңбекті ұйымдастырумен, суды пайдаланумен және химиялық заттарды сақтаумен, қолданумен және кәдеге жаратумен байланысты тәуекелдер жақсы түсініледі. Осы жоба аясында, LDC компаниясы Better Cotton Initiative (BCI) бастамасы шеңберінде сертификатталған, Түркиядан сатып алынатын мақтаның үлесін едәуір арттырады. Сонымен қатар, компания BCI стандарттарын енгізу мақсатында Түркияда мақта өсіретін фермерлердің хабардарлығын арттыру және оларды оқыту бағытында күш-жігерді жұмсайтын болады. Бұл әрекеттер Түркияда мақта өндірісінің тұрақты болуына ықпал етеді.

LDC, қадағалаудың озық жүйелерін қолдана отырып және ормандарды кесудің және көміртегі / биоәртүрлілігі жоғары жерлерді бір санаттан екінші санатқа ауыстырудың ықтимал тәуекелдерін төмендететін тұрақты көздердің сертификаттарына негізделе отырып, өзінің жеткізу тізбегіндегі тұрақтылық пен ормандарды кесу мәселелеріне бейімділігін жақсы түсінеді. Бұдан басқа, LDC компаниясы Ғылыми негізделген мақсатты көрсеткіштер бастамасының (The Science Based Targets initiative, SBTi) өршілдік деңгейі шеңберінде 2025 жылдың соңына қарай ормандарды кесу мен жергілікті өсімдіктерді ауылшаруашылық мақсаттарына айналдыруды жеткізу тізбегінен алып тастауға, сондай-ақ 2030 жылдың соңына қарай бірінші және екінші қамту салаларындағы (Scope 1 & 2) парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын 33,6%-ға азайтуға (2022 жылғы негізгі деңгеймен салыстырғанда) қоғамдық міндеттеме алды. Сонымен қатар, LDC компаниясы орта мерзімді келешекте үшінші қамту саласы (Scope 3) шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша мақсатты көрсеткіштерді белгілеу ниетін білдірді.

Кешенді тексеру барысында анықталған жекелеген мониторинг мәселелерін шешу үшін компания Климаттық тәуекелдер және Париж келісімі мониторингі жоспарын енгізуге келісті. Осы жоспар бойынша есептілік Банкке экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жыл сайынғы стандартты есептілікпен бірге Банктің жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарының және саясаттың басқа да талаптарының тұрақты сақталуын растау мақсатында берілетін болады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Түркиядағы БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ), Банк және LDC компаниясы арасындағы ынтымақтастықта, сондай-ақ Iyi Pamuk Uygulamaları Dernegi (IPUD) / Жақсы мақта практикасы қауымдастығымен (Түркиядағы BCI стратегиялық серіктесі) серіктестікте, алдағы үш жыл ішінде құны шамамен 200 000 еуро болатын, BCI стандарттарын қабылдау мақсатында түркиялық мақта

фермерлерінің хабардарлығын арттыруға және оларды оқытуға бағытталған әлеуетті қолдау бағдарламасы түріндегі техникалық ынтымақтастық бағдарламасы дайындалуда. LDC осы әлеуетті қолдау бағдарламасы құнының жартысын өтейді.

Компанияның байланыс деректері

Флоренс Дженестин (Florence Genestin),

Еуропа, Таяу Шығыс және Африка өңіріндегі қаржыландыру және қазынашылық бөлімінің басшысы

florence.genestin@ldc.com

+41 (0)58 688 28 71

<https://www.ldc.com>

29 route de l'Aéroport, P.O. Box 236, 1215 Geneva 15, Швейцария

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартуы

2023 жылғы 11 мамыр

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат [мына жерде](#) қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты [ЕҚДБ сатып алулары](#) сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды [ЕҚДБ сұраныстар нысанын](#) пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

ЭЭС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат [ЭЭС](#)-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты [ЕҚДБ сұраныстар нысанының](#) көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын](#) және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау [Сұранысын тапсыру](#) туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.